

Дүние жүзі Тарихы (1640—1914)

ХРЕСТОМАТИЯ

Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына
арналған оқулық

Өңделіп, толықтырылған
төртінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2016

ӨЖЖ 373.167.1(075.3)
КБЖ 63.3(0)я72
Д87

Құрастырушылар:

Н.Алдабек, Р.Бекіш, К.Мақашева

Орыс тілінен аударған Л.Мұсалы

Д87 Дүниежүзі тарихы (1640—1914): Хрестоматия.
Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқу құралы / Құраст.: Н.Алдабек, Р.Бекіш, К.Мақашева. — Өңд., толықт. 4-бас. — Алматы: Мектеп, 2016. — 152 б.

ISBN 978—601—07—0700—9

Д 4306022300—073
Д 404(05)—16 27(4)—16

ӨЖЖ 373.167.1(075.3)
КБЖ 63.3(0)я72

- © Алдабек Н., Бекіш Р., Мақашева К., (құраст.), 2004
- © Аудармашы Мұсалы Л., 2004
- © “Мектеп” баспасы, көркем безендірілуі, 2016

Барлық құқықтары қорғалған
Басшының мүлкітік құқықта-
ры “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—07—0700—9

АЛҒЫ СӨЗ

8-сыныпқа арналған “Дүниежүзі тарихы” оқулығының хрестоматиясына дүниежүзінде 1640—1914 жылдар аралығында болған тарихи оқиғалардың материалдары жинақталған.

Жинақтың бірінші бөлімінде XVII—XVIII ғасырлардағы Еуропа мен Америка елдеріндегі капиталистік қатынастардың пайда болуы мен дамуы, Англия, Франция және Германиядағы революциялық оқиғалар туралы мәліметтер берілген.

Бұл кезең Шығыс елдері тарихында феодалдық қатынастардың дамуы және шетел капиталының ене бастауымен, Азия мен Африка елдерін еуропалық державалардың отарлау саясатымен сипатталады. Халық наразылығы жергілікті феодалдар езгісі мен жатжерлік басқыншыларға қарсы бағытталған көтерілістерден көрініс тапты. Хрестоматияның алғашқы бөліміндегі материалдар осы оқиғаларды жан-жақты ашып көрсетеді.

Екінші бөлімге жинақталған материалдарда Еуропа, Америка елдеріндегі, сондай-ақ Жапониядағы монополистік капитализмнің империализмге ұласу кезеңі сипатталады.

XIX ғасырдың соңына қарай Шығыс елдерінде капиталистік қатынастар дамып, ұлттық өнеркәсіп өркендеді, ұлттық буржуазия қалыптасты. Бұл процесс ұлт-азаттық және шетел империалистеріне қарсы күресті күшейте түсті. Буржуазияның ұлттық өнеркәсіпті құрып, елді өздері басқаруға және тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылысы буржуазиялық ұлтшылдықтың пайда болуына алып келді. Міне, екінші бөлімде берілген материалдар, негізінен, дүниежүзі тарихындағы осындай мәселелерді қамтиды.